

kahramanları 've yazarın değerlendirme sistemleri arasındaki ilişkilerin farklı çeviri sürecinde dikkate alınması gerektiğini makalede altı çizilir.

А.Қ. Жұмабекова,
ф.ғ.д., профессор,
Алматы/Қазақстан

АУДАРМА ТЕРМИНДЕРІНІҢ ТҮСІНДІРМЕ СӨЗДІГІН ҚҰРАСТЫРУ ТӘЖІРИБЕСІНЕН

Елімізде жаңа ғасырдың алғашқы он жылдығында аса маңызды өзгерістер орын алды. Аударманың жекелеген бағыттарында түрлі басылымдар жарық көргенімен, олар белгілі бір нақты тақырыптарға арналған ғылыми-көпшілік сипатқа ие.

Бүгінгі күні кәсіби, біліктілігі жоғары мамандарды даярлау – кезек күттірмейтін мәселелердің бірі. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің қазақ бөлімдерінде аудармашыларды даярлау үдерісі (орысша-қазақша, ағылшынша-қазақша аударма бағытында) 1991 жылдан бері жүргізіліп келеді. Әлі күнге дейін республикамыздың жоғары оқу орындарында қазақ бөлімдерінің студенттері, магистранттары, докторанттарына арналған аударматану бойынша оқулықтар, оқу құралдар жоқтың қасы. Соған байланысты ізденушілер орыс және ағылшын тілдерінде даярланған ғылыми, оқу-әдістемелік әдебиеттерді пайдалануға мәжбүр болып отыр.

Бүгінгі таңда аударма ғылымының даму кезеңінде білім алушыларды тек тілдік интуицияға сүйене отырып оқыту жеткіліксіз. Аударманы талдап бағалауда қомақты, ғылыми тұрғыдан негізделген дәйектер қажет.

Қазақ тіліндегі аударматану бойынша оқулықтардың тапшылығы, қолданыстағы терминдердің көп нұсқалылығы аударма терминдерін арнайы терминологиялық сөздікте анықтау қажеттігін тудырып отыр.

2005 жылы біз «Аударма терминдерінің қысқаша орысша-қазақша түсіндірме сөздігін» шығардық¹. Бұл сөздікті құрастыру студенттерге «Аударматануға кіріспе», «Аударманың теориясы» сияқты пәндерді оқыту қажеттілігінен туындаған еді. Басылым аударматану ғылымының лексикографиялық терминдерін қамтыған алғашқы тәжірибе ретінде саналды. Содан бері аудармашылық ғылымда да, аудармашылық лексикографияда да елеулі өзгерістер болды.

Ресейдегі ірі аударма теоретиктерінің тәжірибелері қарастырылды: В.Н.Комиссаров, А.В.Федоров, Я.И.Рецкер, Р.К.Миньяр-Белоручев, Л.С.Бархударов, В.Г.Гак, Г.В.Чернов, А.Ф.Ширяев, С.В.Тюленев, И.С.Алексеева, Л.Л.Нелюбин, В.С.Виноградов, А.Чужакин және П.Палажченко, Г.Э.Мирам, М.Ю.Семенова, В.С.Слепович және т.б., соның ішінде интернет-баспалары (А.Паршин, З.Г.Прошина және т.б. жұмыстары).

Орыс тіліндегі аталмыш терминологияны жүйелендіру жұмысы біріздендіру, стандарттау, сонымен қатар көпнұсқалық мәселелерінің шешілмеуіне байланысты аяқталмаған.

Ресейлік аударматанушы Л.Л.Нелюбиннің аударма теориясы бойынша көлемді терминологиялық сөздігінде [1] көбіне В.Н.Комиссаров [2], Р.К.Миньяр-Белоручевтің [3], т.б. еңбектерінің соңында орналасқан, қысқаша түсіндірме сөздіктері ретінде рәсімделген терминологиялық аппарат негіз болып табылады.

Соңғы жылдарда аударма теорияларының жеке аспектілері бойынша қазақ тіліндегі А.М.Алдашеваның, Ж.А.Жақыповтың, Ә.С.Тарақовтың және орыс тілді қазақстандық авторлардың (Р.С.Загидуллин, Р.З.Жумалиева, Н.Ж.Сағандықова және т.б.) зерттеу еңбектері ерекше маңызды болып отыр.

Біздің «Библиографиялық көрсеткіште...» [4] 2000-2010 жж. Қазақстанда жарық көрген аударма теориясы бойынша еңбектер, көркем туынды аудармаларының атаулары, аударма

¹ Жұмабекова А.Қ., Жұмашева Г.А. Аударма терминдерінің қысқаша орысша-қазақша түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2005.

сөздіктер, сондай-ақ докторлық және кандидаттық диссертациялардың авторефераттары бір жүйеге келтірілді.

Аударма терминдерімен жұмыс жасау ең алдымен оларды жүйелендіру және семантизация әдістерімен байланысты бір қатар мәселелерді айқындап береді. Оқып-үйренушілерге тіл туралы білім кешенінде қамтылатын және кәсіби құзіреттілікті құрайтын терминдер анықтамасының жүйелік, логикалық түсіндірмесі маңызды болып отыр. Алынған мәліметтер аударма үдерісінің мәнін түсіну және аудармашылық қызметінің нәтижелері үшін жеткілікті болуы, сонымен қатар олар шынайы өмірде, күнделікті және әрқилы бағыттағы кәсіби қызметте практикалық қолданысқа арналған болуы тиіс.

Сондай-ақ, болашақ аудармашыларды даярлау үдерісінде кәсіби пәндерді оқытқан кезде (бакалавриатта: *Мамандыққа кіріспе, Аудармашының кәсіби қызметінің негіздері, Аударма теориясы, Оқылатын тіл елінің әдебиеті және аударма мәселелері, Мәдениетаралық қарым-қатынас теориясы мен практикасы, Жазбаша аударма практикасы, Көркем аударма практикасы және т.б.*, магистратурада: *Аударманы оқыту әдістемесі, Аударматанудың зерттеу әдістері, Мәдениетаралық қатынас және аударма мәселелері, Аударманың когнитивті-коммуникативті концепциясы. Аударматанудағы заманауи бағыттары және т.б.*) бірыңғай терминдер жүйесін қолдану аса маңызды болып табылады, пәнаралық байланыстар шын мәнінде басты назарға алынады.

Сондықтан біз Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті ректорымен қаржыландырылған профессор-оқытушылар құрамы арасындағы «Аудармашыларды даярлаудың ғылыми-әдістемелік негіздері» атты ғылыми жоба аясында «Аударма терминдерінің түсіндірме сөздігін» (Г.А.Жұмашевамен бірге) даярлап, баспадан шығардық (рецензенттер: ф.ғ.к., доцент Н.М.Рсалиева (Сүлейман Демирел университеті), ф.ғ.к. Г.Қ. Бекқожанова (Абай атындағы ҚазҰПУ) [5].

Сөздікті пайдаланушылардың мүдделері де басқа бағытта қарастырылды – ол қазақ тілді оқырманға арналғандықтан, біз терминдердің қазақ тілінде түсіндірілуіне, сондай-ақ олардың ағылшын тіліндегі баламаларын беруге баса назар аудардық. Көптеген сөздік анықтамалары айтарлықтай өзгеріске ұшырады, көбісі қайта жазылды. Мыс., алғашқы шығарылған сөздікте:

Аударма теориясы - «көстілді коммуникацияның логикалық негізделген моделі. Ол жалпы аударма теориясы және дербес аударма теориясы деп ажыратылады», - деп көрсетілсе, соңғы басылымда төмендегідей анықтама беріледі: **Аударма теориясы** (ағ. *translation theory/ translation studies/ theory of translation*, орыс. *теория перевода*) – аударманы үдеріс ретінде де, мәтін ретінде де қарастыратын, сондай-ақ *аударма тарихын*, оның *жалпы, жеке және арнайы теориялық негіздерін*, *аударма үдерісінің техникасы мен әдістемесін*, екі тілді жағдаяттағы тілдік әрекеттің күрделі түрлері ретіндегі аудармашылық дағдылар мен қабілеттерді зерттейтін ғылым.

Жеті жыл бұрын шыққан сөздікте кейбір калька арқылы жасалған терминдердің атау өзгертілді, мыс. *авторландырылған аударма (авторизованный перевод)* – *автор мақұлдаған аударма*, *күәландырылған аударма (заверенный перевод)* – *расталған аударма*, т.б. Сондай-ақ көптеген сөздік дұғаттары мүлдем алынып тасталды, олардың орнына қазіргі кезде аса қажет, заманауи терминдер енгізілді: *аудармашы хартиясы*, *аудармашыға қажет ақпарат көздері*, *аудармашының автоматтандырылған жұмыс орны*, *кәсіби аударма*, *аударма техникасы*, *фрилансер*, т.б.

Сөздік негізгі аударма терминдері жайындағы мағлұматты қамтып, келесі міндеттерді шешуге бағытталған: аталмыш саладағы зерттеулердің қазіргі жағдайын көрсету; аударманың әдіс-тәсілдерін сипаттау; аудармашылық терминдердің негізгі құрамын анықтап, оларға қазақ тілінде анықтама беру; оқытушылық мақсаттарға барынша ұтымды баяндаудың тиімді түрін табу (өйткені Сөздік негізінен аударма теориясы курсын тыңдаушыларға арналған оқу құралы ретінде құрастырылған болатын).

Сөздікке аударматанудың теориялық мәселелеріне қатысты тәржіметанудың негізгі ұғымдық аппаратын көрсететін 300-ден астам термин енгізілді. Қазіргі кезде терминологиялық қорды одан әрі жетілдіру жұмысы жүргізілуде.

Негізгі терминдер мынандай ішкі салаларды қамтиды: аударматанудың ғылым ретіндегі теориялық бағыттары (*заңды сәйкестіктер, баламалылық деңгейлері, аударманың прагматикалық бейімделуі*); аударма теориясының басқа да салалас пәндермен байланысы (*қостілділік, әдеби аударматану*); аударма технологиясы (*ұғымды нақтылау, ұғымды жалпылау, лексикалық бірліктердің орын ауыстыру тәсілі, т.б.*).

Қазақ тіліндегі аударма терминдерінің мағынасын толық және дәл ашып көрсету біршама қиындық тудырғанын атап өткіміз келеді. Осы мақсатта отандық аударма ғылымын жан-жақты зерттеген төмендегі ғалымдардың еңбектеріне талдау жасалды: С.Талжанов, Ә.Сатыбалдиев, З.Тұрарбеков, Ө.Айтбаев, А.Алдашева, Ж.Жақыпов, т.б.

Сөздіктегі терминдер әліпби тәртібімен орналастырылған. Егер термин сөз тіркесінен құралса, ол оның әдетте аударматану саласына қатысты мәтіндерде кездесетіндей бірінші сөзі бойынша орналастырылған, мысалы, *Аударма теориясы, Аудармадағы ақпараттық технологиялар* т.б.

Жақша ішінде терминнің дублеті келтіріледі (негізінен, бұл кірме сөздің қазақ тіліндегі баламасы), мысалы.: *Аннотациялық (аңдатпа) аударма; Адресат (қабылдаушы)*.

Дублеттілік (варианттылық) мәселесі отандық және шетелдің ғылыми әдебиеттерінде жан-жақты қарастырылғандықтан, біз бұл мәселені осы мақалада арнайы қарастыруды жөн көрмедік. Сонымен бірге қазіргі уақытта ұлттық терминологиямыздың қалыптасу деңгейіндегі бұл құбылысты сөздігімізде көрсетуді қажет деп есептейміз.

Сөздікте [/] белгісі арқылы терминнің синонимі келтіріледі, мысалы.: *Аударма тілі/ аударылатын тіл, машиналық/ автоматты аударма.* .

Бұл жайт аудармашылық терминологияның тек қазақ тілінде ғана емес, басқа тілдерде де бүгінгі күнге дейін бір жүйеге келтірілмеуіне, сондай-ақ ғылыми және әдістемелік әдебиеттегі түрліше қолданылуына байланысты болып отыр. Мыс., терминдердің синонимдес болуының бірден бір себебі – басқа тілдерден енген сөз тіркестері ағылшын тілімен қатар (*machine translation, computer-aided translation*), орыс тілінде де (*автоматический перевод, компьютерный перевод, машинный перевод*) бір ғылыми ұғымды білдіреді.

Қазақстандық аударма терминдердің шағын сөздіктерінде бұл екі құбылыс тіпті ажыратылмайды. Мысалы, Ж.А.Жақыповтың «Аудармашы анықтамалығында» [6, 95-104] *шұмақтық (абзацтық)-айтылыстық (фразалық) аударма, компрессия (мәтінді ықшамдау)*, сонымен қатар *жабық (тұйық) аудитория, аудармашы (тілмаш), аударманы пішімдеу (ресімдеу)*; деп жақша арқылы дублет терминдер де, синоним терминдер де, тіпті орыс тілінің баламасы да беріледі: *кіріспе түзілім (вводящая конструкция)*.

Ә.Тарақов «Аударма әлемі» оқу құралында кейде жақшаны, кейде үтірді қолданады: *жеңілдетілген, оңайлатылған (упрощающий перевод) аударма, сөйлем (фраза) бойынша аударма* [7, 234-235] .

Біз құрастырған сөздікте негізгі терминге орыс тіліндегі баламасы берілген, мысалы., *Сәйкессіздік* (орыс. *несоответствие*), *Тірек сөздерді таңдау әдісі* (орыс. *метод выбора ключевых слов*). Кейбір аударма терминдерді ғылыми айналымға ресейлік аударматанушылар енгізген болатын: *закономерные соответствия* (Я.И.Рецкер - [8]), *информационный запас* (Р.К.Миняев-Белоручев), *уровень эквивалентности* (В.Н.Комиссаров), т.б. Сондықтан олардың тек қазақша баламалары беріледі.

Көптеген жағдайларда терминнің ағылшын тіліндегі баламалары да беріліп отыр. Барлық терминдерге осындай баламаларды табу қиындығы аударма терминдерінің екітілді (ағылшынша-орысша, ағылшынша-қазақша) сөздіктердің болмауында. Сондай-ақ ағылшын тіліндегі баламалардың жиі қолданылатын жағдайда, біз оларды сөздікке қосып отырмыз: *Жазбаша аударма* (орыс. *письменный перевод, ағ. translation*), *Парақтан аудару* (орыс. *перевод с листа, ағ. sight translation*).

Атаудан кейін сызықша арқылы терминнің анықтамасы беріледі. Егер термин бірнеше мағынаға ие болса, олар араб сандарымен белгіленіп, нүкте арқылы ажыратылады, мысалы.: *Дәнекер тіл* – 1. Халықаралық қатынаста пайдаланылатын тіл. 2. Машиналық аудармада пайдаланылатын түпнұсқа және аударма тілдерінің арасындағы аралық тіл. 3. Көмекші тіл – *ізбе-із аудармадағы жазбалар*.

Аударма терминологиясы (басқа салалық терминология сияқты) жүйелі сипатқа ие. Жоғарыда аталған синонимдік, дублеттік қатынастарымен қатар антонимдік қатынастар да бар: *ауызша аударма* – *жазбаша аударма*, *толық аударма* – *толымсыз аударма*, *біртүлді коммуникация* – *екітүлді коммуникация*, *біржақты аударма* – *екіжақты аударма*, т.б.

Сөздік анықтамасының мәтініндегі және оның соңындағы терминдер арасындағы жүйелік қатынастарды нақтылайтын анықтама түріндегі сілтемелер курсивпен берілген: салыстырыңыз (салыст.), қараңыз (қар.). Мысалы, *Сөйлемдерді біріктіру және Сөйлемді бөлу* аударма тәсілдер бір-біріне қарама-қарсы болып табылғандықтан олардың лұғаттық мақалалар анықтамаларында *салыстырыңыз* деген сілтеме беріледі:

Сөйлемдерді біріктіру (ағ. *sentence integration*, орыс. *объединение предложений*) – түпнұсқадағы екі не одан да көп жай сөйлемнен тұратын синтаксистік құрылымды біріктіру жолымен құрмалас сөйлемге айналдыру негізінде жасалатын синтаксистік трансформация, аударма тәсілі. Салыст. *сөйлемді бөлу*.

Сөйлемді бөлу (ағ. *sentence partitioning*, орыс. *членение предложений*) – түпнұсқадағы құрмалас сөйлемнен тұратын синтаксистік құрылымды аударма тілдегі екі не одан да көп жай сөйлемдерге айналдыру негізінде жасалатын синтаксистік трансформация, аударма тәсілі. Салыст. *сөйлемдерді біріктіру*.

Дәл солай сөздікте гиперо-гипонимдік (тектік-түрлік) семантикалық қатынастар да көрсетілген. Мыс., *Рефераттық аударма* термині *Реферат-конспект* және *Реферат-түйіндеме* терминдермен байланысты (алдымен *реферат* терминін, реферат түрлерін анықтап алу қажеттілігі туындайды), сондықтан бірінші лұғаттық мақалада *қараңыз (қар.)* деген сілтеме беріледі:

Рефераттық аударма (ағ. *summary translation*, орыс. *реферативный перевод*) – мәтін аудармасы толық келтірілмеген, бірақ құжаттың мақсаты, тақырыбы, зерттеу әдістері, алынған нәтижелері жайында айтарлықтай толық мәлімет беретін аударма. Қар. *реферат-конспект*, *реферат-түйіндеме*

Реферат-конспект (орыс. *реферат-конспект*) – мұнда түпнұсқаның жалпыланған түрдегі барлық елеулі жайттары мен оларды растайтын материал келтіріледі.

Реферат-түйіндеме (орыс. *реферат-резюме*) – тұтастай мәтіннің аудармасын емес, тек негізгі жайттардың аудармасын қамтиды, мұнда негізгі материал өте тығыз түрде келтіріліп, аса маңызы жоқ нәрселердің барлығы түсіріледі. Реферат-түйіндемеде *реферат-конспектіге* қарағанда материал мазмұнын жалпылаудың жоғары деңгейі талап етіледі.

Гиперо-гипонимдік қатынастар арқылы бір-бірімен байланысты *тілішілік аударма*, *диахрондық аударма* және *транспозиция* терминдерді мысалға келтіруге болады:

Тілішілік аударма (ағ. *intralinguistic translation*, орыс. *внутрилингвистический/внутриязыковой перевод*) – бір ұлттық тіл шеңберіндегі жасалатын аударма, яғни бастапқы тіл мен аударма тілі тарихи дамуының әртүрлі кезеңдеріндегі бір ұлттық тілге жатады, немесе түрлі функционалды-стилистикалық және жанрлық ерекшеліктері бар мәтіндер болып табылады. Тілішілік аударманың келесі түрлері ажыратылады: *диахрондық тәржіме* және *транспозиция*.

Диахрондық/ тарихи аударма (ағ. *diachronic/ historical translation*, орыс. *диахронический/ исторический перевод*) – өткен дәуір тілімен жазылған тарихи мәтінді қазіргі заман тіліне аудару.

Транспозиция (ағ. *transposition*, орыс. *транспозиция*) – белгілі бір жанрдағы немесе функционалды стильдегі мәтінді басқа бір жанрдағы немесе функционалды стильдегі мәтінге аудару. Аударманың бұл түрі көбінесе әдеби пародияларда немесе адамдардың шағын

топтары арасындағы жаргон тілінде құрастырылған және жалпыхалықтық тілде сөйлеушілерге түсініксіз мәтіндерде кездеседі.

Қорыта айтқанда, аударматану саласындағы терминдерді жүйелеу, біріздендіру мәселелері кезек күттірмей шешуді талап етіп отыр. Бұл жалпы теориялық тұрғыда ғана емес, сондай-ақ тәжірибе жүзінде де маңызды болмақ. Сондықтан біз құрастырған сөздік осы өзекті мәселені шешуге өз үлесін қосады деп үміттенеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Толковый переводоведческий словарь /Нелюбин Л.Л. 3-е изд., – М.: Флинта: Наука, 2003. – 320 с.
2. Комиссаров В.Н. Современное переводоведение. – М.: ЭТС, 2002. – 424 с.
3. Миньяр-Белоручев Р.К. Как стать переводчиком? – М.: Готика, 1999.- 176 с.
4. Қазақстандағы аударма теориясы мен практикасы. Библиографиялық көрсеткіш (2000-2010 жж.). Құрастырғандар: Жұмабекова А.Қ., Мақұлжанова А., Атабаева Ж. – Алматы: Тау Самал, 2010. – 56 б.
5. Жұмабекова А.Қ., Жұмашева Г.А. Аударма терминдерінің түсіндірме сөздігі. - Алматы: ИП «Уатханов», 2012. – 48 б.
6. Жақыпов Ж.А. Аудармашы анықтамалығы. / «Руханият» орталығы. – Алматы: Сардар, 2009. – 176 б.
7. Тарақов Ә.С. Аударма әлемі. Оқу құрал. – : Қазақ университеті, 2007. – 253 б.
8. Рецкер Я.И. Теория перевода и переводческая практика: Очерки лингвистической теории перевода. - М.: Междунар. отношения, 1974. - 216 с.

Резюме

В статье излагается опыт работы по составлению толкового словаря переводческих терминов казахского языка (с их эквивалентами на русском и английском языках). Подробно описывается структура словаря, приводятся примеры отдельных словарных статей, связанных между собой ссылками, демонстрирующими системность переводческой терминологии.

Özet

Makale Kazakça çeviri (Rusça ve İngilizce karşılıkları ile) terimler sözlüğü ile ilgili çalışma deneyimi sunuyor. Sözlük yapısını, bireysel girişleri örnekleri, terminoloji sistematik bir çeviri göstermek birbirine bağlantılar ayrıntılı olarak açıklar.

Summary

The article presents the experience of the work on the glossary of the terms of the Kazakh language translation (with their equivalents in Russian and English). Describes in detail the structure of the dictionary, are examples of individual entries, interconnected links that demonstrate a systematic translation of terminology.

Д.А. Алиева,

к.ф.н.,

доцент,

Казахский национальный педагогический

университет им. Абая.

Алматы/Казахстан

К ВОПРОСУ О МЕТОДАХ ПРЕПОДАВАНИЯ РУССКОГО ЯЗЫКА В ИНОСТРАННОЙ АУДИТОРИИ